

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 230 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 6 қаңтарда № 4549 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 2 шілдедегі № 106 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Қорғалжын ауданы әкімдігінің 02.07.2015 № 106 қаулысымен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18, 238 баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қорғалжын аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 қарашадағы № 2/30 «Ауылдық жерде жұмыс атқаратын азаматтық қызметшілер болып табылатын әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін келісу туралы» шешімінің негізінде, Қорғалжын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С . А қ қ о ж и н а ғ а жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ.Рыскелдінов*

**КЕЛІСІЛДІ**

*мәслихатының хатшысы*

*Қ о р ғ а л ж ы н а у д а н д ы қ*  
*Ө.К.Балғабаев*

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандарының лауазымдар тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман;

2) күтім бойынша әлеуметтік жұмыскер;

2. Білім мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорын басшысы мен орынбасары;

2) барлық мамандықтың мұғалімдері;

3) әдістемелік орталықтың әдіскері;

4) оқытушы;

5) тәрбиеші;

6) медбике;

7) әдіскер;

8) аудармашы;

9) музыкалық жетекші;

10) психолог;

11) диеталық бике;

12) зертханашы;

13) тәлімгер, аға тәлімгер;

14) кітапхана меңгерушісі, интернат меңгерушісі;

15) аға кітапханашы;

16) кітапханашы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) кітапхана меңгерушісі, клуб меңгерушісі;

3) аға кітапханашы;

4) кітапханашы;

5) библиограф;

6) музыка жетекшісі;

7) барлық атаулардың суретшілері;

8) аккомпаниатор;

- 9) мәдени ұйымдастырушы;
- 10) редактор;
- 11) үйірме жетекшісі.
- 4. Спорт мамандарының лауазымдары:
  - 1) әдіскер.
- 5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:
  - 1) ветеринарлық дәрігер;
  - 2) ветеринарлық фельдшер.